




## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

## Негізгі түйіндер

## Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

2017 жылдың қаңтар айында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 100,8%-дан 103,8%-ға дейін айтарлықтай өсуін көрсетті. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың ұлғаюына экономиканың барлық базалық салаларында өсуіне қатысты, байланысты қоспағанда.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар	% -бен	
				2016ж. қаңтарға	2016ж. желтоқсанға
	А	Б	1	2	3
1	<b>ІЖӨ (2016ж. жедел деректері бойынша)</b>	млрд. теңге	<b>45 732,1</b>	<b>101,0</b>	
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	1 755,9	104,9	85,4
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	105,4	101,0	52,0
4	Құрылыс	млрд. теңге	71,0	107,1	15,7
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	42,1	104,8	85,8
6	Байланыс	млрд. теңге	57,6	97,9	95,2
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	557,4	103,5	60,0
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	349,3	127,4	31,2
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%		107,9	100,8
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	4,9		
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	136,8	105,1	80,2
12	Нақты жалақы индексі**	%			79,6

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-желтоқсан	2016ж. Желтоқсан	% -бен		2016ж. желтоқсан %-бен 2016ж. Қарашаға
					2015ж. қаңтар-желтоқсанға	2015ж. Желтоқсанға	
	А	Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	62,0	6,5	81,0	105,1	108,2
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	36,8	4,0	80,0	102,5	108,9
1.2.	- импорт	млрд. долл.	25,2	2,5	82,4	109,6	107,2
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	883,8	77,1	109,4	105,8	103,3

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2016ж. қаңтар-желтоқсанда өңдеу саласында, ауыл шаруашылығында, құрылыста, бөлшек саудада,көлікте және негізгі капиталға инвестициялар өсудің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар, өндіріс көлемінің азаюы тау-кен өнеркәсібінде, байланыс саласында, сыртқы сауда айналымында байқалды.**

## Оң үдерістер

т/б №	2017ж. қаңтар %-бен 2016ж. қаңтарына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-желтоқсан %- бен 2015ж. қаңтар- желтоқсанға
1. ІЖӨ (2016ж. жедел деректері бойынша)	101,0	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу, сонымен қатар өнімге салықтардың өсуі	
2. Өнеркәсіп	104,9	тау-кен саласындағы өндіріс көлемінің өсуі	98,9
3. Тау-кен өндіру саласы	104,5	барлық көрсеткіштерінің өсуі	97,3
4. Өңдеу саласы	106,1	металлургия өнеркәсібі,тамақ өнімдері мен кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100,7
5. Ауылшаруашылығы	101,0	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	105,5
6. Құрылыс	107,1	құрылыс-монтаж жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	107,9
7. Көлік (жүк айналымы)	104,8	темір жол көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100,5
8. Негізгі капиталға инвестициялар	127,4	ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және жылжымайтын мүлікпен операциялардағы негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	105,1
9. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	103,5	саудамен айналысатын кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюы	100,9

## Теріс өзгерістер

т/б №	2017ж. қаңтар %-бен 2016ж. қаңтарына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-желтоқсан %- бен 2015ж. қаңтар- желтоқсанға
10. Байланыс	97,9	жергілікті, қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	98,0
11. Инфляция	107,9	тауарлар мен қызметтердің барлық топтарындағы бағалардың өсуі	114,6
12. Сыртқы сауда айналымы*	81,0	экспорттың, сол сияқты импорттың төмендеуі	78,6
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	80,0	минералды өнімдер, оның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің төмендеуі	77,8
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	82,4	барлық негізгі тауар топтары импортының төмендеуі	79,9

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2015ж. қаңтар-желтоқсанға 2016ж. қаңтар-желтоқсан үшін %-бен сол жақ бағанда, ал 2015ж. қаңтар-қарашасына 2016ж. қаңтар-қараша үшін %-бен оң жақ бағанда келтірілген.



## Ішкі жалпы өнім


## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен

## ІЖӨ 1%-ға өсті

2016ж. ІЖӨ 2015 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1%-ға ұлғайып, 45,7 трлн. теңге болды.

ІЖӨ құрамындағы тауарлар мен қызметтер өндірісі тиісінше, 1,3% бен 0,8%-ға өсті. Өнімге салықтар 0,2%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлестері тиісінше, 36% және 57,9% болды.




2016ж. құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік салалары және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты. Сауда және тау-кен өндіру саласындағы төмендеу есебінен болған өнеркәсіптің жалпы көлемдерінің қысқаруы теріс әсер етті.

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2016 ж. 9 ай ішінде ІЖӨ нақты көрсеткіште 0,3%-ға азайып, 29,9 трлн.теңгені құрады.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,4%-ға өсті, жалпы жинақтау 1,3%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 5,2%-ға, импорт 2,1%-ға төмендеді.




## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы болып отыр

2016 жылы ТМД елдерінің арасында ІЖӨ-нің ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу).

2016жылы Өзірбайжан, Беларусь пен Ресейде ІЖӨ тиісінше, 3,8%, 2,6% және 0,2%-ға төмендеді.



\* - Молдова бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 3 тоқ. үшін көрсетілген

\*\* - Армения бойынша деректер 2015ж. және 2016ж. 3 тоқ. үшін көрсетілген



## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**


2017 жылдың қаңтар ай ішінде Brent маркалы мұнайдың бағасы әлемдік тауар биржаларында 78,2%-ға өсіп, бір баррель үшін 54,9\$ құрады\*.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндіру құрайды, 2017ж. қаңтарында оның үлесі 45,5% болды.

2017ж. қаңтарында өңделмеген мұнайды өндірудің нақты көлемдері 4,0%-ға өсті, ал табиғи түрдегі көрсеткіште көлемдер 4,7%-ға көбейді.

Нәтижесінде өнеркәсіп 4,9%-ға көтерілді\*\*. Сонымен бірге, ақшалай көрсеткіште өнеркәсіп көлемі 37,1%-ға өсті, бұл есу теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне себепші болды.

\* - <http://econ.worldbank.org>\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2017ж. қаңтардағы өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\* - ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-желтоқсанда ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 50,3% болды), Қытайға (11,5%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. ЕО ІЖӨ (28) 1,8%-ға, Қытайда ІЖӨ 6,7% өсті, ал Ресейде 0,2%-ға төмендеді.


**Сыртқы сауда айналымы****2016ж. қаңтар-желтоқсан**

2016ж. қаңтар-желтоқсанда сыртқы сауда айналымы 19,0%-ға төмендеді (экспорт 20,0%-ға, импорт - 17,6%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (үлесі - 65%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар (37,8%) басымдыққа ие болды.

Экспорттың қысқаруы мынадай тауарлар топтарының төмендеуіне байланысты: минералды өнімдер - 27,1%-ға, химиялық өнеркәсіптің өнімдері - 20,9%-ға, жануар және өсімдік тектес өнімдер - 0,3% және басқа да өнімдер - 11,4%-ға.


Барлық негізгі тауарлар топтары бойынша импорт қысқарды. Импорттың қысқаруына барынша елеулі үлесті 22,9%-ға немесе ақшалай көрсеткіште 2,8 млрд. \$ мөлшерде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар қосты.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу\***

2017ж. қаңтардың аяғында 2016ж. қаңтарымен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттердің көлемі 2,5%-ға төмендеп, 12,5 трлн. теңге болды.

Өткен аймен салыстырғанда экономикаға берілген кредиттер 2017ж. қаңтарында 2,6%-ға қысқарды.

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу өнеркәсібінде (10,0%-ға) мен байланыста (6,9%-ға) байқалды.



\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет

\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша



## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ


## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп

## Өнеркәсіптік өндірістің өсуі

2017ж. қаңтарында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,9%-ға өсті (2016ж. - 1,1%-ға азаю).


Бұл тау-кен өндіру және өнеркәсіп салаларындағы өндіріс көлемдерінің өсуіне себепші болды.



## Тау-кен өндіруде өндірістің өсуі

2017ж. қаңтарында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 4,5%-ға өсті (2016ж. - 2,7%-ға төмендеу).

Мұнай (4,0%), көмір және лигнит (16,1%) және темір кендері (25,2%), табиғи газ (4,1%-ға) және түсті металл кендерін (18,1%-ға) өндіру көлемдері ұлғайды.




## Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің өсуінің жалғасуы

2017ж. қаңтарында салада өндіріс көлемдері 6,1%-ға ұлғайды (2016ж. - 0,7%-ға өсу).

Металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 7,5%-ға (үлесі - 49,1%) ұлғайды, оның ішінде негізгі асыл және түсті металлдар өндірудің өсуі 8,0%-ды құрады.

Азық-түлік өнімдеріндегі өндіріс көлемдері 1,5%-ға өсті (үлесі - 16,1%). Өсуіне негізгі үлесті: ет және қосалқы азық-түліктер (2,3%), тазартылған өсімдік майы (5,6%), өңделген, сұйық сүт және қаймақ (3,5%), дәнді дақылдардан жасалған ұн (0,4%) енгізді.




## 2.2. Құрылыс

## Өсудің жалғасуы

2017ж. қаңтарында құрылыс жұмыстарының көлемдері 7,1%-ға өсті (2016ж. - 7,9%-ға өсу). Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 9,1%-ға ұлғайды (үлесі - 95,4%).


Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі тиісінше, 31,9%-ға және 11,7%-ға төмендеді.



**2.3. Ауылшаруашылығы****Өсімдік шаруашылығының өсуінің жалғасуы**


2017ж. қаңтарында ауылшаруашылығы 1,0%-ға өсті (2016ж. - 5,5%-ға өсу). Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі тірі салмақта сою көлемінің және шикі сиыр сүтінен сүт өндірісінің 0,7%-ға және 3%-ға ұлғайуына байланысты.

Мал шаруашылығындағы өнімдердің көлемі 1,0%-ға (үлесі - 95,9%) ұлғайды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгеріссіз қалды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек сауда көлемдері қатарынан төртінші айда өсуде.**


2017ж. қаңтарында бөлшек тауар айналымының көлемдері 3,5%-ға өсті (2016ж. - 0,9%-ға өсу).

Саудамен айналысатын кәсіпорындарының сауда көлемі 11,4%-ға өсті (үлесі - 59,1%), дара кәсіпкерлердің тауарларды сату көлемі 6,2%-ға (үлесі - 40,9%) азайды.

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Өсудің жалғасуы**


2017ж. қаңтарында жүк айналымының көлемі 4,8%-ға ұлғайды (2016ж. - 0,5%-ға өсу).

Өсуге темір жол 13,3%-ға (үлесі - 47,5%) жүк айналымының ұлғаюуы себепші болды.

**2.6. Байланыс****Қызмет көлемінің азаюы**

2017ж. қаңтарында байланыс қызметінің көлемі 2,1%-ға төмендеді (2016ж. - 2,0%-ға төмендеу).

Төмендеуге басқа байланыс қызметтерінен түскен кірістердің 30,3%-ға (үлесі - 16,6%) және қалааралық және халықаралық телефонды байланыстан түскен кірістердің 11,9%-ға (үлесі - 4,6%) азаюы себепші болды.





## 3. Инфляция


## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Жылдық инфляцияның баяулауы

2017ж. қаңтарында инфляция 7,9%-ды құрады (2016ж. - 14,6%), бұл тауарлар мен қызметтердің барлық топтары бағаларының өсуіне себепші болды.

Айлық инфляция 0,8%-ды құрады (2016ж. желтоқсанда - 0,9%).

Жылдық инфляция жоғары базаның әсері және теңгенің айырбастау бағамының тұрақтануы есебінен 7,9%-ға дейін баяулады (2016ж. желтоқсанда - 8,5%-ға өсу).



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі

2017ж. қаңтарында инвестициялар 27,4%-ға ұлғайды (2016ж. - 5,1%-ға өсу).

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырудың 15%-ға (үлесі - 60,7%) ұлғаюы инвестициялардың өсуіне себепші болды.

Экономикалық қызметтің түрлері бойынша инвестициялардың өсуіне негізгі үлесті өнеркәсіп (28,5%-ға өсу), ауыл шаруашылығы (5,0%-ға өсу), жылжымайтын мүлікпен операциялар (54,2%-ға өсу) енгізді.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Халықтың жұмыспен қамтылуының өсуі

2017ж. қаңтарда 2016ж. қаңтарымен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,1%-ға ұлғайды, жұмыссыздар саны 3,4%-ға қысқарды.

Жұмыссыздық 4,9%\* болды.




## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі жалғасуда

2016ж. қаңтарында орташа айлық номиналды жалақы 5,1%-ға өсті.

Нақты жалақы 2016ж. қаңтарына қарағанда 0,9%-ға төмендеуді көрсетті.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. желтоқсанда 2,5%-ға төмендеуді көрсетті.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері